

**Құрметті Сергей Александрович,
құрметті депутаттар!**

Өздеріңіз білетіндей, біз жыл сайын Статистика агенттігімен Үкімет сағаттарын өткіземіз, соның қорытындылары бойынша депутаттар статистика органдарының жұмысын арттыруға, респонденттердің жүктемесін азайтуға, әдістемені жақсартуға және мемлекеттік органдардың статистикалық ақпарат алмасуын күшейтуге бағытталған ұсыныстар әзірлейді. Осы ұсыныстарды орындау нәтижелері сенімділікті арттыруға және халықтың статистикалық ақпаратты пайдалануына едәуір әсер етті. Бұл туралы жаңа ғана Агенттік Төрағасы айтты.

Алайда, Агенттік жұмысының оң көрсеткіштеріне қарамастан, біздің пікірімізше, озық халықаралық стандарттарға сәйкес статистикалық ақпараттың құрылымын жетілдіруге едәуір ықпал ететін жекелеген сәттерге тоқталғым келеді.

Біріншіден, халық үшін де, депутаттар үшін де экономика саласы мен ел өңірлерінің дамуын **талдау,**

сондай-ақ стратегиялық және бағдарламалық құжаттарда көрсетілген көрсеткіштер мәселесі өзекті болып қала беруде.

Белгілі болып отырғандай, бүгінде Қазақстанда ел экономикасын, білім беруді, денсаулық сақтауды, кәсіпкерлікті одан әрі дамытуға, халықты ауыз сумен, тұрғын үймен қамтамасыз етуге және тағы басқаларға бағытталған 3 стратегиялық құжат, 3 стратегия, 2 доктрина, 20 тұжырымдама, 8 мемлекеттік бағдарлама қабылданды.

Бірақ, өкінішке қарай, бүгінгі таңда көрсетілген бағдарламалық құжаттарды іске асыру бойынша ағымдағы статистикалық көрсеткіштерді табу қиын немесе олар мүлдем жоқ. Қазіргі кезде Агенттік Үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасындағы көрсеткіштер индикаторларына тек қана мониторинг жүргізуде. Бұл ретте, Үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасына осы мониторингті жүргізуге арналған көрсеткіштер **бизнес-қоғамдастықтардың мүдделері ескерілместен, мемлекеттік органдармен** ғана келісілген екен.

Бұған қоса, салалардың басқа да статистикалық көрсеткіштері бойынша олар анық па деген проблема орын алып отыр. Агенттік пен министрліктің статистикалық көрсеткіштері неліктен әртүрлі?

Әлемдік тәжірибе бағдарламалардың іске асырылу нәтижелерін талдау және бағалау үшін қажетті

статистикалық деректерді тұтынушыларға беру жүргізілетін мемлекеттік саясатқа сенімділікті ұлғайтатынын көрсетіп отыр.

Мәселен, 2013 жылғы қазанда Ресейдің мемлекеттік статистика қызметі бірінші рет халықтың ақпараттық технологиялар мен ақпараттық-телекоммуникациялық желілерді пайдалануы мәселелері бойынша федералдық статистикалық байқау жүргізді.

15 жастан 72 жасқа дейінгі аралықтағы (қалалық және селолық жерлердегі тұрғындар) 69 мың адамға (РФ халқының 0,06 %) сауалнама жүргізілді.

Зерттеп-қарау нәтижелері бойынша:

дербес компьютерлер мен Интернет желілерін пайдалану;

мемлекеттік және муниципалдық көрсетілетін қызметтерді түрлері бойынша электрондық нысанда алу жөнінде ресми статистикалық ақпарат алынды.

Әрине, бұл деректерді РФ-ның «Ақпараттық қоғам» мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың нәтижелерін бағалау үшін атқарушы органдар ғана емес, халық та пайдаланады, бұл өте маңызды болып табылады.

Сондықтан да, осы тәжірибені назарға ала отырып, Агенттік пен мемлекеттік органдардың бұқаралық ақпарат құралдарында мұны міндетті түрде жариялай отырып, іске асырылатын стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға сапалы талдау жүргізілуі қажет деп есептейміз. Және де

әлемдік тәжірибе үлгісінде, бүгінгі таңда респонденттер ұсынатын деректер пайдаланылсын. Мұның барлығы пайдаланушылардың кең тобымен тұрақты байланыс және жұртшылықпен кері байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Екіншіден, пайдаланушыларды анық және өзекті ақпаратпен қамтамасыз ететін статистикалық көрсеткіштердің бар-жоғы мәселесі, сондай-ақ статистикалық деректермен тиімді және ыңғайлы жұмыс істеу тәсілі мәселесі әлі де өзектілігін жойған жоқ.

Мысалы, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі көрсеткіштер.

Мәселен, 2013 жылғы 11 қазанда Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында **«статистика елдегі шағын және орта бизнестің өскенін көрсетіп отыр. 2 жыл ішінде дара кәсіпкерлер саны 21 пайызға өссе де, олардан түсетін салықтық түсімдер бар болғаны 11 пайызға өскен»**, - деп атап көрсетті.

Салықтық түсімдердің өсуі дара кәсіпкерлер санының өсуіне неліктен сәйкес келмейді деген заңды сұрақ туындайды?

Сондықтан да біздің Агенттіктің сайтынан мынадай көрсеткіштерді көргіміз келеді: Кәсіпкерлік сенімділік индексі; Өндірістің өсуін шектейтін (коммерциялық кредиттің жоғары пайызын; білікті жұмысшылардың жетіспейтіндігін; бәсекелесуші импортты қамтитын) факторлар; Өндірістік

қуаттылықтарды пайдаланудың орташа деңгейі; Бәсекелестік ортаның жай-күйі.

Біздің ойымызша, осыларды пайдалана отырып мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктерден қосымша деректерді сұратпай-ақ дербес талдау жүргізуге болады.

Сонымен қатар, «Көлік», «Байланыс», «Инновация» сияқты көрсеткіштері бойынша да кемшіліктер орын алған. Онда мынадай статистикалық деректер: қатты жабынды жолдары жоқ ауылдық елді мекендердің саны; халықты телевизиялық радиохабар таратумен қамту; экономикалық қызмет түрлері бойынша технологиялық инновацияларды пайдаланатын шағын және орта кәсіпорындардың үлес салмағы және т.б. болуы тиіс.

Осындай статистикалық көрсеткіштердің қажеттігі туралы депутаттар үкімет сағаттарында да, мемлекеттік органдарға жолдаған сауалдарында да бірнеше рет айтқан болатын. Өйткені осы салаларда мемлекеттің қатысуымен үлкен жұмыс жүргізілуде.

Бұған қоса, біз мемлекеттік органдар сайттарының, әсіресе, өңірлік деңгейде мемлекеттік тілдегі статистикалық ақпаратпен толықтырылып отыруын арттыру қажеттігі туралы бірнеше рет ескерту жасаған болатынбыз.

Бұл ретте, Агенттік жұмысын оңтайландыру және респонденттер арасында тәжірибе алмасу мақсатында:

ұсынылатын ақпараттың қанағаттанарлық деңгейде екендігі туралы және ресми статистикаға деген сенім туралы Интернет-пайдаланушылардың мониторингін тұрақты негізде жүргізу;

сайтта «Респонденттермен және статистикалық ақпаратты Интернет-пайдаланушылармен өзара іс-қимыл форумы» деген бөлім құру;

Агенттіктің аумақтық бөлімшелері сайттарының мазмұнын бірізге келтіру қажет деп ойлаймыз.

Үшіншіден, статистикалық есептер нысандарының санын азайту және оларды тапсыру кезінде «он-лайн» режимін пайдалану арқылы респонденттердің жүктемесін азайту.

Осы бағытта Агенттік пен мемлекеттік органдар белгілі бір жұмыстарды жүргізді. Мәселен, Агенттік 2012 жылы 361 статистикалық нысанды қайта қарауды ұсынды. Осы кезеңде Агенттік 7 статистикалық нысанның күшін жойды. Сонымен қатар, респонденттерге ыңғайлы болуы үшін «он-лайн» режимінде Интернет арқылы статистикалық есептерді толтыру енгізілді.

Естеріңізде болса, 2012 жылы Агенттік Төрағасы өз баяндамасында 2013 жылдың бірінші жартысында-ақ **барлық статистикалық нысандарды** (олар шамамен 140) енгізуге уәде берген болатын, дегенмен, бүгінгі таңда, «он-лайн» арқылы тек 128 статистикалық нысанды ғана тапсыруға болады.

Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, есептерді тапсыру кезінде «он-лайн» режимді пайдалану бланкілерді тираждауға жұмсалатын шығыстарды азайтуға; есептілікті жинау және өңдеу мерзімдерін қысқартуға; анық емес деректер қамтылған есептер санын азайтуға; сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің қағаз бланкілерден компьютерлерге деректерді енгізу бойынша керітартпалық жұмыс көлемін азайтуға мүмкіндік береді.

Статистикалық деректер бойынша 2012 жылы Қазақстанда 49 853 кәсіпорын Интернетті пайдаланған. Алайда, «он-лайн» режимде статистикалық есептерді тапсыру бар болғаны 5 %-ды немесе – 2 552 кәсіпорынды құраған және ол 2013 жылы тек 15 042-ге дейін өскен немесе – 30 %-ды құрайды.

Осыған байланысты, Агенттіктің есептерді «он-лайн» режимде тапсыру үшін Интернетке қолжетімділігі бар кәсіпорындарды жүз пайыз қамту бойынша пәрменді шараларды қабылдауы қажет.

Бұған қоса, Агенттік пен мемлекеттік органдарға электрондық ақпараттық-талдамалық жүйелерді енгізу үшін мемлекеттік бюджеттен миллиардтаған сомалардың бөлініп жатқанын ескере отырып (мысалы: «Е-статистикаға» - 2 млрд. 300 млн. теңге, «Е-ағромәдениетке» - 736 млн. 350 мың теңге, «Е-лицензиялауға» - 2 млрд. 553 млн. 430 мың теңге), біздің ойымызша, есептілік пен әкімшілік

деректердің белгілі бір түрлерін **тек қана электрондық нысанда** тапсыруға көшетін кез келді.

Осыған байланысты, Үкіметтің статистикалық ақпарат пен есептілікті электрондық нысанда берудің жалғыз көзі ретінде - «е-Статистика» ақпараттық-талдамалық жүйесін пайдалану бойынша нақты шараларды қабылдауы қажет.

Төртіншіден, біздің Комитет Агенттіктің және басқа да мемлекеттік органдардың статистика қызметтерінің кадрлық әлеуетін құруға баса назар аударуы қажет деп есептейді.

Статистика жүйесін реформалау және сапалы статистикалық ақпаратпен қамтамасыз ету осы реформаларды жүргізуге және талдауды енгізуге қабілетті даярлығы жақсы кадрларсыз мүмкін емес екені баршаға мәлім.

2013 жылғы 1 қаңтардағы республиканың мемлекеттік қызмет кадрларының жай-күйіне мониторинг жүргізу деректері бойынша әкімшілік мемлекеттік қызметшінің **орташа еңбек өтілі 10** жылды құрайды, ал Агенттікте - **7** жылды құрайды, яғни бұл шамамен бір жарым есе төмен, бұл статистика қызметкерлері тәжірибесінің деңгейі жеткіліксіз екенін көрсетеді. Сонымен қатар кадрлардың тұрақтамауы да орын алған.

Осыған байланысты, Агенттікті білікті кадрлармен қамтамасыз ету проблемасын шешу жөнінде іс-шараларды Үкіметтің және бірінші кезекте Агенттіктің көздеуі қажет.

Сондықтан да, біздің көзқарасымыз бойынша, әдістеме әзірлеу және статистикалық деректер мен әкімшілік деректерді талдау, сондай-ақ кадрлық әлеует мәселелерін жүйелі түрде және кешенді шешу үшін **кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау жөніндегі ғылыми-зерттеу институтын құру** қажет деп есептейміз. Бұл институт, халықаралық талаптарға сәйкес осы мәселелермен айналысар еді. Қазіргі заманғы әлемде жақсы құрал мен әдістемесіз сапалы әрі нақты деректерді ала алмайсыз.

Бесіншіден, бұл - Кеден одағы мен Дүниежүзілік сауда ұйымы елдерінің статистика органдарымен өзара бірлескен іс-қимыл.

Мәселен, Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберінде статистика саласындағы қажетті құжаттар қабылдануда. Мәселен, 2013 жылғы мамырда Мемлекет басшылары деңгейінде Кеден одағының сыртқы және өзара саудасының Интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру және дамыту жөніндегі іс-шаралар айқындалды, сондай-ақ Статистика саласында ақпараттық өзара іс-қимыл туралы келісім қабылданды.

Бірақ, өкінішке қарай, Кеден одағы елдерімен өзара сауда жөніндегі статистика деректерінде Кеден одағы шеңберінде айырмашылықтар бар. Осындай жағдай ұсынылатын статистикалық ақпараттың анық еместігін көрсетеді. Бұл респонденттер ұсынатын статистикалық

есептіліктің әдістемесі мен нысаны әртүрлі болғандықтан шығар.

Сондықтан да Агенттіктің БҰҰ Статистикалық комиссиясының бірыңғай әдістемелік ұсынымын қолдану (Тауарлардың халықаралық саудасының статистикасы) және кәсіпкерлік субъектілері мен халықты объективті және анық статистикалық ақпаратпен уақтылы қамтамасыз ету үшін сауданы есепке алудың ортақ жүйесін пайдалану саласында Кеден одағының статистика органдарының өзара іс-қимылын жандандыру қажет.

Алдағы Дүниежүзілік сауда ұйымына енуге байланысты басқа елдердің статистика органдарымен осыған ұқсас жұмыс жүргізу қажет.

Алтыншыдан, Агенттік пен мемлекеттік органдардың Қазақстанның жетістіктері мен біздің қазақстандық даму моделін көрсете білу жөнінде кешенді шаралар қабылдауы қажет. Және мұны нақ осы ресми статистика деректерінің негізінде іске асыру қажет. Бұл дыбыс- және бейнероликтерді, интернет-ресурстарды қоса алғанда, бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану және «Білім және Мәдениет», «24 KZ» және тағы да басқа ұлттық телевизия арналарындағы бағдарламалар арқылы міндетті түрде көрсету жолымен жүзеге асырылады. Бұған қоса, осы іс-шаралар халықтың статистикалық деректерге деген сенімін күшейтіп, статистика органдарының жұмысын кеңінен таратуға ықпал етеді.

Құрметті депутаттар!

Сөз соңында Агенттікке алға қойған міндеттерді шешуде табыс тілегім келеді. Бұған Агенттіктің мүмкіндіктері мол!

Назар қойғандарыңызға рахмет!